

Жалғыз акционердің шешімімен
– Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2024 жылғы
« 10 » желтоқсан
№ 816 бұйрығымен
бекітілді

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының таза табысын
(дивидендтерін) бөлу тәртібі туралы ереже**

Астана, 2024 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының таза табысын (дивидендтерін) бөлу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) таза табысын бөлу және оның дивидендтер төлеуге жіберілетін бөлігін айқындау тәртібін, дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібін және дивидендтерді төлеу тәртібін, оның ішінде олардың төлем мерзімдері мен нысанын белгілейді.

2. Осы Ереже «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

3. Ереженің мақсаты Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету және дивидендтердің мөлшерін және оларды Жалғыз акционерге төлеуді анықтауда айқын тәсіл болып табылады.

4. Осы Ереже Жалғыз акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға байланысты оның құқықтарын жүзеге асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

5. Ережеде мынадай негізгі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) **Басқарма** – Қоғамның алқалы атқарушы органы;

2) **дивидендтер** – Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғам төлейтін Қоғамның өзіне тиесілі акциялары бойынша Жалғыз акционердің табысы;

3) **дивидендтер төлеу** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес оған тиісті сомаларды аудару;

4) **дивидендтерді төлеу мерзімі** – дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттеме орындалған күн немесе дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттеме орындалуы тиіс уақыт кезеңі;

5) **дивидендтер төлеу нысаны** – дивидендтер алуға құқығы бар Жалғыз акционерге беруге жататын Қоғамның ақшасы;

6) **дивидендтер төлеу туралы шешім** – Қоғамның қаржылық есептілігінің нәтижелері бойынша қабылданатын дивидендтер төлеу туралы Жалғыз акционердің шешімі;

7) **Директорлар кеңесі** – Қоғамның басқару органы;

8) **Жалғыз акционер** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі атынан Қоғамның жоғары органы;

9) **Қоғам** – «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы;

10) **таза табыс** – салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Қоғамның иелігінде қалған Қоғамның қаржылық есептілігіне сәйкес табыс;

11) **ХҚЕС** – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары комитетінің Қоры бекіткен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары.

2-тарау. Дивидендтер туралы негізгі ережелер

6. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау Жалғыз акционердің құқығы болып табылады. Жалғыз акционер дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Дивидендтерді төлеу Қоғамның міндеті болып табылады. Қоғам дивидендтер алуға құқығы бар Жалғыз акционердің алдында жауапты болады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы міндетті орындамағаны үшін, оның ішінде Жалғыз акционер белгілеген дивидендтерді сот тәртібімен төлеуді талап етуге құқылы.

3-тарау. Ереженің мақсаттары мен негізгі қағидаттары

8. Осы Ереже мынадай:

1) Жалғыз акционердің активтерін ұлғайту және Қоғамды капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;

2) Жалғыз акционерге дивидендтер мен олардың төлемдерінің мөлшерін айқындаудың ашық, түсінікті және қолжетімді тетігін белгілеу;

3) Жалғыз акционерге дивидендтер төлеу үшін шарттардың болуы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты түсінік қалыптастыру мақсатында жеткілікті ақпарат беру;

4) дивидендтер төлеу кезінде Жалғыз акционерді Қоғамның қаржылық жағдайына қатысты жаңылыстыру мүмкіндігін болдырмау;

5) дивидендтерді алу кезінде негізсіз қиындықтармен ұштаспайтын оларды төлеу тәртібін қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады.

9. Осы Ереже мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Жалғыз акционердің мүдделері мен құқықтарын сақтау және қорғау, оның ішінде Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді кепілдендірілген төлеуін қамтамасыз ету;

2) Қоғамның қаржылық орнықтылығын, оның ішінде макроэкономикалық факторлардың әсерін ескере отырып қамтамасыз ету;

3) дивидендтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету;

4) дивидендтер мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығын қамтамасыз ету;

5) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (табыс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі;

6) Қоғамның таза табысы өскен жағдайда дивидендтік төлемдердің ұлғаюын қамтамасыз ету;

7) Қоғам жасасқан шарттарда белгіленген міндеттемелерді сақтау.

10. Ереженің негізгі әдіснамалық қағидаттары:

1) Қоғамның таза табысының шамасын, инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін қаржы ресурстарына қажеттілікті, жоспарланатын дивидендтердің мөлшерін бір жылға алдын ала жоспарлауы

және келесі екі жылға болжам құруы, сондай-ақ Директорлар кеңесі тарапынан Қоғамның қаржы жылының нәтижелері бойынша нақты қол жеткізген көрсеткіштерін бақылануы және Директорлар кеңесінің дивидендтердің мөлшері бойынша ұсыныстар әзірлеуі;

2) Директорлар кеңесінің Қоғамның басшы қызметкерлерінің (менеджментінің) қаржы жылының нәтижелері бойынша келісілген таза табыс мөлшеріне қол жеткізуін ескере отырып, олардың жұмыс тиімділігін бағалауы;

3) Қоғам қызметінің тиімділігін бағалау кезінде Қоғам акцияларының номиналды құнынан пайыздық мәнде жылдық дивиденд сомасы ретінде айқындалатын дивидендтік кіріс көрсеткішінің шамасын есепке алу.

4-тарау. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары

11. Жалғыз акционер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған кезде оларды төлеу шарттарына негізделеді, сондай-ақ Қоғамның қаржылық есептілігінің нәтижелері бойынша алынған таза кірістің мөлшерін ескереді.

12. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу шарттары:

1) Қоғамның бір жылдағы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша таза табысының болуы;

2) дивидендтерді есептеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулердің болмауы;

3) Қоғамда дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі;

4) Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін сақтау;

5) Қоғамның қаржылық және материалдық-техникалық жай-күйінің талап етілетін деңгейін сақтау, оның даму перспективаларын қамтамасыз ету;

6) Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыру қажеттілігі;

7) Директорлар кеңесінің дивиденд мөлшері туралы ұсынысының болуы;

8) Жалғыз акционердің дивидендтер төлеу туралы шешімінің болуы.

5-тарау. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

13. Қоғамның ХҚЕС-ке сәйкес жасалған қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын таза табысынан дивидендтер төленеді.

14. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынылатын дивиденд мөлшерін айқындау кезінде таза табысты бөлудің Басқарма ұсынған негізгі бағыттарын ескереді. Директорлар кеңесі дивидендтер мөлшері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Басқарма Қоғамның қаржылық есептілігінің нәтижелері бойынша алынған таза табысты болжамды бөлудің әрбір бағыты бойынша негіздеме ұсынады.

15. Директорлар кеңесі таза табысты бөлу жөніндегі ұсыныстарды талдау және дивидендтік төлемдерге ұсынылатын табыстың үлесі туралы мәселені

шешу кезінде таза табысты бөлу пропорцияларына әсер ететін мынадай негізгі факторларды ескереді:

- 1) Қоғамның алынған таза табысының нақты мөлшері;
- 2) Қоғам активтерінің тиімділік деңгейін (Қоғамның экономикалық тиімділік коэффициенті), меншікті капиталдың тиімділік деңгейін (қаржылық тиімділік коэффициенті) қамтитын Қоғамның тиімділік көрсеткіштері;
- 3) ағымдағы төлем қабілеттілігінің коэффициенттерін, меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілуін және қарыз капиталының коэффициентін қоса алғанда, Қоғамның төлем қабілеттілігі мен қаржылық орнықтылығының көрсеткіштері;
- 4) Қоғамның келесі есепті кезеңге арналған даму жоспары;
- 5) есепті кезеңнің соңындағы Қоғамның айналым қаражатының құрылымы;
- 6) есепті кезеңнің соңындағы Қоғамның борыштық жүктемесі;
- 7) Қоғамның стратегиялық дамуының басым мақсаттарын қамтамасыз ету;
- 8) Директорлар кеңесінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де факторлар.

16. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынылатын дивиденд мөлшерін (бір жай акцияға есептегенде) және Қоғамның дивидендтік төлемдерге жіберілетін таза табысының тиісті үлесін айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға негізделеді.

17. Бір жай акцияға шаққандағы дивидендтердің мөлшері Қоғамның жай акцияларының санына бөлінген жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге бағытталатын таза табыс сомасына негізделеді.

18. Директорлар кеңесі ұсынатын бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі және математикалық қағидаларға сәйкес теңгеге дейін дөңгелектенеді.

6-тарау. Таза табысты пайдалану тәртібі

19. Қоғамның таза табысының салықтан төлегеннен кейінгі бөлігі Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуге жіберіледі, Қоғамның таза табысының қалған бөлігі Қоғамның иелігінде қалады.

7-тарау. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау тәртібі

20. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің түпкілікті шешім қабылдауы үшін Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар береді.

21. Директорлар кеңесінің қаржы жылының нәтижелері бойынша акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшері және оны төлеу тәртібі жөніндегі ұсыныстары күндізгі/сырттай отырыстың хаттамасымен ресімделеді, оның

үзінді көшірмесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционерге түпкілікті шешім қабылдау үшін қолжетімді болуы тиіс.

22. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу (төлемей) туралы шешім қабылдайды;

2) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы шешім қабылдайды;

3) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекітеді.

23. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау жөніндегі ақпарат дивидендтерді төлеу үшін шарттардың болуы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты түсінік қалыптастыру үшін жеткілікті болуы тиіс.

24. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;

4) дивидендтер төлеудің басталу күні;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

25. Дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер жеке мәселе ретінде немесе қаржы жылының нәтижелері бойынша Қоғамның таза табысын бөлу туралы шешімнің құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

25. Дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер жеке мәселе ретінде немесе қаржы жылының нәтижелері бойынша Қоғамның таза табысын бөлу туралы шешімнің құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

8-тарау. Дивидендтерді төлеуге шектеулер

26. Жалғыз акционер дивидендтер төлеу туралы шешім болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді басшылыққа алады.

27. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

28. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың мөлшері теріс болған немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болған жағдайда;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.

9-тарау. Дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны

29. Қаржы жылының қорытындылары бойынша дивидендтер Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде төленеді. Егер дивидендтер төлеу мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келсе, одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып есептеледі. Қоғам дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға құқылы. Қоғам дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттемені дивидендтерді төлеу мерзімі ішінде кез келген күні орындауға құқылы.

30. Жалғыз акционердің дивидендтер төлеу туралы шешімі болмаған жағдайда Қоғамның дивидендтер төлеуге құқығы жоқ.

31. Қоғамның дивидендтер төлеуі ақшалай нысанда жүргізіледі.

32. Бағалы қағаздармен дивидендтер төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10-тарау. Дивидендтер туралы ақпаратты ашу

33. Жалғыз акционер және басқа да мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіпте Ережемен және оған енгізілген өзгерістермен таныса алады.

34. Шешім қабылдау үшін Жалғыз акционерге ұсынылатын материалдардың құрамында дивидендтер төлеу үшін қажетті шарттардың бар немесе жоғын куәландыратын ақпарат болуы тиіс.

35. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу (төлемей) туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

36. Дивидендтерді төлеу, олардың мөлшері, нысаны, төлеу мерзімі мен тәртібі туралы шешім қабылдау жөніндегі Қоғам жариялайтын хабарлама тиянақты, нақты және біржақты түсінілуі тиіс.

11-тарау. Дивидендтерді уақтылы төлеу жауапкершілігі

37. Осы Ереженің 28-тармағының негіздері бойынша дивидендтер есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционер Қоғам берешегінің қалыптасу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

38. Дивидендтерді уақтылы төлемегені үшін Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

39. Қоғам дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпұлдардың негізгі сомасы төленеді.

12-тарау. Қорытынды ережелер

40. Осы Ережені бекіту туралы, Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және оның күші жойылды деп тану туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Осы Ереже Жалғыз акционер бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

41. Егер Осы Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келсе, бұл тармақтардың күші жойылады және осы тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылыққа алған жөн.

42. Егер Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуге байланысты қандай да бір мәселелер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен және Осы Ережемен реттелмесе, онда олар Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігі негізге алына отырып шешілуі тиіс.